

2021-2022 оқу жылындағы логопедтің жүргізілген жұмысы туралы есебі



Логопед: Темірбекова Мәлдір Арысбайқызы

Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Жібек жолы ауылы
2021-2022 оқу жылындағы И.Құтпанұлы атындағы орта мектептің

логопед маманының жүргізілген жылдық жұмысы туралы есебі.

Логопедия дегеніміз сөйлеу тілінің кемістіктерін, оның бұзылу себептерін, болдырмау жолдарын, сонымен бірге тіл кемістіктерін әртүрлі жолдармен түзетіп, жоюдың тәсілдерін зерттейтін арнайы педагогикалық ғылым.

Логопедия неврология, невропсихология, нейролингвистика, психология, педагогика және т.б. ғылымдар негізінде жұмыс атқарады. Логопедияның ғылым ретінде қалыптасуы Федор Андреевич Рау, Михаил Ефимович Хватцев, Ольга Владимировна Правдина, Роза Евгеньевна Левинааның есімдерімен тығыз байланысты.

«Логопедия»-logos (сөз) жәнеpaideia (тәрбиелеймін, үйретемін) деген грек сөзінің түбірінен алынған. Логопедия арнайы педагогиканың (дефектологияның) бір бөлігі болып есептеледі.

Балалармен түзете- дамыту жұмыстарын жүргізу

Аталған әрекет түрі сөйлеуі бұзылған балаларды етжей-тегжейлі зерттеп алғаннан кейін жүзеге асырылады. Бұл кезде журналдың арнайы белгіленген орнында логопед логопедтік сабақтарға қатысудың қатаң есебін жүргізіп отырады.

Логопедтік жұмыстың ұзақтығы (екі-үш айдан біржарым-екі жылға дейін) балаларда сөйлеу бұзылуының сипаты мен байқалу дәрежесіне, олардың дербес-жеке басының ерекшеліктері мен отбасындағы тәрбиесіне байланысты болады.

Логопедтік жұмыстың ұйымдастырылуы: негізгі түрі топтық және жекесабактарболып табылады. Топтарға сөйлеуінің бұзылуы ұқсас және жастары шамалас балалар тандап алынады. Төмендегідей топтарды жинақтауға рұқсат етіледі:

жалпы сөйлеуі дамымаған (ЖСД);

сөйлеуінің фонетико-фонематикалық жағы дамымаған (ФФД);

кекештенуі бар; - дыбысты толық айта алмайтындар.

Әр топ балаларымен сабақ аптасына 2 рет жүргізіледі. Топтық сабақтардың ұзақтығы балалардың жасына байланысты болады.

Сөйлеу тілі бұзылған балаларды шығару, оларда сөйлеу дамуындағы кемістіктері жойылуына қарай оқу жылының кез келген мерзімінде жүзеге асырылады. Ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен балалардың психофизикалық жағдайын нақтылау қажет болғанда, логопед оларды маман дәрігерлерге ПМПК кеңес алуға жіберуі мүмкін.



Мақсаты: сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілінің бұзылуын анықтап, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу. Тілдің грамматикалық құрылымын арттыра отырып сөздік қорларын молайту. Ойлау, есту, есте сақтау қабілетін дамыта отырып, дыбыстарды дұрыс айтуға және өзін - өзі қадағалауға дағдыландыру. Дыбыстарды буында, сөзде дұрыс айтуға машықтандыруарқылы сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін, бейнелі суреттер бойынша тілдің грамматикалық құрылымын дамыту. Сұрақты тыңдай білуге, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Дыбыстарды буында, сөздерде анық, таза айтуға үйрету. Зейінін, есте сақтау, елестету, фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуларын, мимикалық, сергіту сәттерінің дұрыс орындалуын қалыптастыру. Танымдық қабілеттерін арттыру. Ұсак моторикасын жақсарту.

2021 - 2022жыл аралығындағы мектепшілік білім алатын оқушылармен 1 және 3 сыныптар аралығындағы жылдық жұмыс жоспары бекітілді және жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілді. Барлық сөйлеу компоненттерін тереңдетіп логопедиялық тексеру нәтижелері негізінде логопедтік сабақтарға 29 бала қабылданды. Қойылған диагноздары бойынша әр баламен жеке дамыту сабақтары өтілді. Мектеп оқушыларының сабағының ұзақтығы –

25–30 минут. Мектеп оқушыларымен логопедтік пункттегі жеке сабақ сөйлеу тілінде кемістігі бар 1 және 3 сыныптар аралығындағы балалармен жүргізіледі.

Диагностика қортындысы бойынша 1-3 сыныптар арасында дислалия, фонетико-фонематикалық бұзылуы, ажыратуы, сөйлеу тілінің жалпы жетілмеуі (2-3 деңгейлі) бар оқушылар анықталды. Барлық түзете-дамыту сабақтары, дыбыстарды кою және машықтандыру, фонематикалық естуді дамыту, сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық құрылымын және т.б. қалыптастыру бойынша балалармен жеке жұмыс, логопед – мұғалімнің жұмыс жоспарына сәйкес жеке дамыту бағдарламасы бойынша өтілді. Түзете-дамыту сабағы әр оқушымен аптасына 2 рет жеке дамыту бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Жалпы сыныптарда келесі тізім бойынша түзету жұмыстары жүргізіледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар сабаққа қатысу кестесі

№	Оқушының аты жөні	Сыныбы	Анықтамасы	Сынып жетекші
1	Оразбай О	1ә	Дислалия: р, ж, н, ш, ч, л	А.Шертаевна
2	Бизат Тәңгірхан	1 а	Дислалия: р, ш, ұ, ж, л	К.Зекеновна
3	Берікболова Айша	1 ә	Дислалия :р, л, н, з	Г.Манаповна
4	Нұрасыл Асанәлі	1 ә	Дислалия: н, л, р, ж	А.Николаевна
5	Утеова Саледат	1 в	Дислалия :р, ж	І.Канафина
6	Нұрболатқызы Айша	2д	Дислалия: р, ұ, н Фонетико фонематикалық бұзылуы: ұ-о, н-н РОПНЗСЦ	Г.Манаповна
7	Ондасын Нәби	2а	РОПНЗСЦ	Қожановна Ж
8	Абдуов Фердауси	2 б	Дислалия : в, ф, р, н, ұ, л	Ергеш Н
9	Қонысбай Мақсұт	2д	Дислалия : с, н Фонетико фонематикалық бұзылуы с-ш, н-н	А.Каратаевна

10	Госмон Әділет	2б	Дислалия:с Фонетико фонематикалык бұзылуы: с-ш	Канафина І
11	Ибрагим Саян	1 ә	Дислалия: р,ң,ғ,з Фонетико фонематикалык бұзылуы:ң-н,ғ-қ,з-с	Баймолдина С
12	Бейсен Д	1 ә	Дислалия:р,н	Асемова Э
13	Амангельді С	1 д	Дислалия:р,л	Асемова Э
14	Омарбек Е	1 д	Дислалия:р,л,н,ж	Ергеш Н
15	Тұрғын Тұмар	1ә	Дислалия:р,л	К. Зекеновна
16	Тоқтар Алинур	1 ә	Дислалия:ң, р	Ж.Сапаржановна
17	Жанат А	1 в	Дислалия:ұ,р,ш,ң,ү,ө,ғ,,л ЖСТД 2-3	А.Николаевна
18	Жұматаева А	1 в	Дислалия:р,ш,н	Канафина І
19	Саттығұл А	1 в	Дислалия:р,ш,н	Канафина І
20	Қабыл Д	2 б		Канафина І
21	Анарқұлова А	2-б	Дислалия:с,ж,н,л Фонетико фонематикалык бұзылуы: с-ш, ж-з, н-н	Канафина І
22	Озат А	1г	ЖСТД 2-3денгей Дислалия:ң	Канафина І
23	Қуанышбаева А	1ә	Дислалия :н ФФБ ң-н	Канафина І
24	Жұмамұратов А	1 ә	Дислалия:л,р,ң	Ж.Сапаржановна
25	Әмірхан Б	1г	ЖСТД 3 деңгей	Асемова Э
26	Серт Қ	1д		Ергеш Н
27	Еркін Д	1д		Ергеш Н
28	Ерік Мұстафа	1д		Баймолдина С
29	Гафуа А	2в		Баймолдина С

1. Бизат Тәңгірхан :3 сабаққа қатысты.Артикуляциялық жаттығуларды үйренді.Үй тапсырмалары жасалынбады.Еркелігі басым.Логопед сабағына қатыспағандығына байланысты сабақты жалғастыруға калады.

2.Орзбай Оралхан :жадыда сақтау қабілеті нашар.Сол себепті логопед сабағын жалғастырады.

3. Утеова Садедат:логопед сабақтарына толық қатыспады.Тіл бұлшық еттері әлсіз.Тілі артикуляциялық жаттығулар арқылы біршама қалыпқа келді. Ш-дыбысы қойылды,машықтандырылды,ауызекі сөйлеу тіліне енді. Р-дыбысын толық айта алмайды. Логопед сабағына қатыспағандығына байланысты сабақты жалғастыруға қалады.

4. Берікболова Айша :Ротацизм(тамақтық)жақтарының құрылысы прогения.Тіл асты желбезегіқысқа.Тілді жоғарғы ерінге тигізе алмайды.Тілі артикуляциялық жаттығулар арқылы біршама қалыпқа келді.Еркелігі басым,5 сабаққа қатысты.Логопед сабағына қатыспағандығына байланысты сабақты жалғастыруға қалады.

5. Қаратай Олжас :ұ,р,ш,н,ү,ө,ғ,л дыбыстарын айта алмайтын.**Фонологиялық** кемшілігі бар.Мысалы –ш орнына –с алмастыру / «ескі» – ешкі/, немесе –р орнына –л / «Роза» – лоза/, деп айтатын.

Қойылған дыбыстары:ш,н,л,ұ дыбыстары қойылды р-дыбысын жеке айта алады,бірақ сөзде Р-ррр-оза деп айтады.Логопед сабағына толық қатыспауына байланысты жартылай дыбыстары қойылды.Р,ү,ө,ғ, дыбыстарын айтпауына байланысты логопед сабағын жалғастырады.

Жалпы оқушылар арасында**антропофоникалық** кемшілігі бар балалар р-дыбысын тамақпен айту немесе с -дыбысын тіске қысып айтатын оқушылар болды. **Фонологиялық** кемшілікті мысалы –ш орнына –с алмастыру / «ескі» – ешкі/, немесе –р орнына –л / «Роза» – доза/, деп айтатын оқушылар болды.Сонымен қатар**фонетико-фонематикалық бұзылуы**бар,яғни дыбыстардың дыбысталуын естуі қалыптаспағаноқушылар,дислалиясөзде мүлдем дыбысты айтпай тастап кететін «Роза» – оза/, деп айтатын оқушылар болды.

Жалпы логопедсабағына толық қатысқан оқушылар тізімі бойынша шыққан нәтижелер.**Оқушылар**ментүзету жұмыстары жүргізіліп,ойын тапсырмалар,жаттығулар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерімен,саусак жаттығулары,тыныс жолдарымен жұмыс жасалынды.Сонымен қатар айта алмайтын дыбыстарына байланысты әр-түрлі артикуляциялық гимнастикалық жаттығулар жасалынып, айта алмайтын дыбыстары қойылды.Қойылған дыбысты буында, сөзде, сөйлемде машықтандырылды.Ысқырық (С, З, Ц), ызың (Ш, Ж, Щ, Ч), сонор (Р, Л), таңдай арқылы айтылатын (К, Қ, Г, Ғ) дыбыстары және тағы басқа айта алмайтын дыбыстармен толық жұмыс атқарылды.**Фонематикалық**кестуін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Қойылған дыбыстар ауызекі сөйлеу тіліне ендірілді.

Ата-аналармен жұмыс.



Әр ата-анаға мұғалім-логопедінің сабақ өту бағдарламасы түсіндірілді. Жұмыс барысында ата-аналармен, пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілер, психологтармен тығыз байланыс жасалды.

Логопедтің кеңес берушілік қызметінің негізгі міндеті балалар мен үлкендердің балаларды арнайы жаттығулар жасап, жаңа сөйлеу дағдыларын бекітуге, сонымен қатар оларды белсенді қолданысқа енгізуге ынталандыратын бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады. Аталған жұмыс түрі балалар үшін толыққанды сөйлеу ортасын қалыптастырудан және олардың сөйлеу тілін белсендіруден тұрады. Логопедтік сабақтарда алынған сөйлеу дағдыларын тиімді бекіту ісін логопед үй тапсырмаларының жүйелі орындалғандығын қадағалайтын баланың жеке дәптерінің көмегімен ұйымдастырады.

Сабақ барысында күнделікті ата-аналармен кездесу ұйымдастырылып, кеңес беріліп, оқушылармен үйде қандай жұмыс жасау керектігі жайлы ұсыныстар айтылды. Вадсап желісімен ата-аналарға «логопед сабағы» атты топ ашылды. Балалардың үй тапсырмалары тілді жаттықтыру мақсатында, вадсап желісімен бейнетүсірілім арқылы қадағаланды. Балалардың сөйлеуі бұзылуының алдын алу бойынша ата-аналарға, әр баланың сөйлеу деңгейіне байланысты жеке-жеке кеңестер берілді. Ата-аналар аптасына екі рет балаларымен логопедтік сабақтарға шақырылды.

Қортынды: Жалпы логопед сабағына қабылданған оқушы саны 29 оқушы.

Түсініктеме бойынша логопед сабағынан өз еріктерімен шыққан оқушылар тізімі 9 оқушы.



Логопед:

A handwritten signature in blue ink, appearing to read 'M.A. Temirbekova'.

М.А.Темірбекова